

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Сәкен аға Мәжит Сейфуллин

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/37605/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Пәні: Әдебиеттік оқу	Уақыты: 24.01.2018 ж	Қарасаева Құндыз
Сабақтың тақырыбы	Сәкен аға Мәжит Сейфуллин	
Ресурстар	Оқулық, А 3, А 4 форматты қағаз,стикер,маркер, білім ағашы,интербелсенді тақта	
Сабақтың мақсаты	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлы адамның өмірінен мағлұмат беру, Сәкен Сейфуллиннің халқына қамқор болғаны жайлы берілген мәтінді түсініп оқи отырып, мазмұнын айтуға үйрету. 2. Оқушылардың өз бетімен оқуы, пайымдауы, әрекет етуі, ойлануы арқылы шығармашылық деңгейі дамуына мүмкіндік беру. 3.Топта бірлесе отырып жұмыс жасауға тәрбиелеу. 	
Әдіс тәсілдер	Бастағы қалпақ әдісі, елші әдісі, топтық жұмыс.	
Сабақтың міндеті	Тапсырманы ұғу яғни танысады, топпен жұмыс жасайды.Шығармашылық жұмыс.	
Күтілетін нәтиже	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінді оқу арқылы оқушыны көркем шығарманың мазмұнын түсінуге жетелеу. 2. 3. 	
Тапсырма көздері	Топпен, жеке	
Бағалау	Қалыптастырушы бағалау	
Кейінгі тапсырмалар		
Рефлексия	Бүгінгі сабақта не үйрендім?..Не білдім?	

<i>Сабақ кезеңдері</i>	<i>Мұғалімнің іс-әрекеті</i>	<i>Оқушылардың іс-әрекеті</i>
------------------------	------------------------------	-------------------------------

<p>I Үйымдастыру</p> <p>Сыныппен байланыс орнату</p> <p>II. Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Өткен сабақты еске түсіру арқылы ойлау қабілетін дамыту</p>	<p>Оқушының зейінін сабаққа аудару. Қызығушылығын арттыру Психологиялық тренинг: Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге.</p> <p>Өткен тақырыпқа шолу. «Бастаға қалпақ» әдісі. Оқушылардан өткен сабақтарда не туралы өткендерін сұрау</p> <p>Үй тапсырмасын бекіту. — — Мәуленнің атаға көмектескені дұрыс деп ойлайсыңдар ма? — Сендерде жолда үлкен кісілерге көмектессіңдер ме? — Біреудің бауынан жеміс ұрлауға бола ма екен? — Үлгілі оқушы болуға тырысамыз ба? — Өте жақсы балалар, сендердің мәтінді түсінгендеріңді көріп тұрмын.</p>	<p>Орындарынан тұрып бір шумақ өлеңмен көңілдерін көтереді..</p> <p>Балаларды дөңгелетіп тұрғызу. Музыка қосылады, сол уақытта оқушы басындағы қалпағын келесі оқушының басына кигізеді, ол келесі оқушының басына кигізеді т.с.с музыка тоқтағанда қалпақ кімнің басында сол сабақ бойынша білгенін ортаға салады.</p>
<p>III Негізгі бөлім</p> <p>Түсіну үшін тапсырма</p> <p>Слайдтар арқылы түсіндіріледі</p> <p>Слайдтан түсіндіріледі</p> <p>Дәптермен жұмыс</p>	<p>-Ендеше балалар,мына видео роликке назар аударайық, «Қуғын сүргін кезеңіндегі халықтың басынан кешкен жағдайлар».</p> <p>-Нені көрдіңіздер ? Сұрақ-жауап</p> <p>Жаңа тақырыпты ашу Үш бәйтерек? «Тау ішінде» әні Сәкен Сейфуллиннің</p> <p>-Олай болса бүгінгі жаңа сабағымыз «Сәкен аға» Мәжит Сейфуллиннің мәтінімен танысатын боламыз.</p> <p>Мәжит Сейфуллин 1900 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Жалынды ақын , мемлекет қайраткері. 1987 жылы дүниеден өткен. Сәкен Сейфуллиннің туған інісі. Сәкен Сейфуллин туралы әңгімелеп берейін, сендер мұқият тыңдаңыздар.</p> <p>Сәкен Сейфуллин 1894 жылы 15 қазан күні Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданына қарасты Иманәк тауының етегінде дүниеге келген. Ол ақын, жазушы, коммунистік мемлекет қайраткері. Тар жол тайғақ кешу романы бар.Сәкеннің әкесі-Сейфолла, анасы-Жамал, інілері-Мәлік пен Мәжит, қарындастары-Рахима, Халима, Сәлима. Ал, жыры-Гүлбахрам.Сәкен кішкентай кезінен ақ бір айтқанды қағып алатын, тез түсініп, ұғып алғыш, зейін тоқтатқыш тиянақты болып көзге түскен. Әкесі Сәкенді мұсылманша сауат ашсын деп Бармұхамед молдаға береді. Ауыл моласынан 3 жыл оқып, тіл сындырып, арабша хат танып, қисса-хикаяны өзі оқып-білетін дәрежеге жетеді. Кейін 1905 жылдан бастап соң Ақмоланың бастауыш приход мектебіне ауысып, үш класты қалалық училищенің бірінші бөлімін тәмамдайды. Оқып жүріп , шәкірттерге дәріс оқиды. 1937-1938 жылдары қазақ зиялылары Кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді деген айыппен қудаланып, қуғын сүргінге ұшырайды. Сәкен халық жауы атанып 1937 жылы абақтыға қамалады. 1938 жылы оның қылмыстық ісін қарап оған ату жазасы беріледі. Сол уақыттарда 105 мың адам қамуға алынып, оның 22 мыңы атылады.</p> <p>-Ал балалар, Сәкеннің өмірімен таныстық ендеше оқулықпен жұмыс жасайық. Тақтаға күннің жады, тақырыбы жазылады.</p> <p>Оқулықпен жұмыс.</p> <p>Сөздікпен жұмыс. Иманәк-Жаңаарқа ауданындағы таудың аты. Күзеу— күзде көшіп қоныстанатын жер. Жатақ ауыл-қыстауды күзетіп қалатын ауыл</p> <p>Мәтінді топтардың санына қарай 4 бөлікке бөліп беремін.</p> <p>«Елші » әдісі Оқушылар әр бөлікке ат қояды.</p> <p>А) Сәкеннің күзеуге келуі Ә) Іңкәрбектің реніші. Б) Сәкен мен Омар байдың арасындағы болған әңгіме. В) Қолғанат Сәкен.</p> <p>Сергіту</p> <p>Топтық жұмыс. 1. «Кісидегінін кілті- аспанда» мәтелдің мағынасын ашу. 2. Сәкеннің өлеңдері. 3. Сәкенді сипаттау. 4. Ата-анаға байланысты мақал-мәтел.</p>	<p>Оқушылар бейнетаспадан көргендерін айтады</p> <p>Оқушылар кімнің әні екенін табады.</p> <p>Оқушылар мұқият тыңдап отырады</p> <p>Оқушылар өздеріне тиісті бөліктерін іштей оқиды және топ арасында талқылайды.</p>
<p>Сергіту сәті</p> <p>Кері байланыс</p> <p>IY Қорытынды</p> <p>Бағалау. Үйге тапсырма.</p>	<p>Мәтінді топтардың санына қарай 4 бөлікке бөліп беремін.</p> <p>«Елші » әдісі Оқушылар әр бөлікке ат қояды.</p> <p>А) Сәкеннің күзеуге келуі Ә) Іңкәрбектің реніші. Б) Сәкен мен Омар байдың арасындағы болған әңгіме. В) Қолғанат Сәкен.</p> <p>Сергіту</p> <p>Топтық жұмыс. 1. «Кісидегінін кілті- аспанда» мәтелдің мағынасын ашу. 2. Сәкеннің өлеңдері. 3. Сәкенді сипаттау. 4. Ата-анаға байланысты мақал-мәтел.</p> <p>Бүгінгі сабақта не үйрендім? Не білдім? «Микрофон» әдісі</p> <p>Оқушыларды бағалау Мәтінді оқып келу, мазмұндау.</p>	<p>Түсінгендерін айтады</p> <p>Қимыл әрекетпен сергігіп алады</p> <p>Топпен жұмыс жасайды.</p>

Маңғыстау облысы,

Бейнеу ауданы ,

Сам орта мектебі КММ мұғалімі Қарасаева Құндыз

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.